

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Ақсу қаласы Достық селолық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 11 қазандағы "Ақсу қаласы Достық селолық округінің Береке ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03/01 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы Достық селолық округі әкімінің 2019 жылғы 9 сәуірдегі № 1-03/06 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 сәуірде № 6292 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілері туралы" Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Ақсу қаласының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2019 жылғы 16 қаңтардағы № 2-19/22 ұсынысы негізінде, Достық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу қаласы Достық ауылдық округінің Береке ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитарлық іс-шараларды жүргізумен байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Ақсу қаласы Достық селолық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 11 қазандағы "Ақсу қаласы Достық селолық округінің Береке ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03/01 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5655 болып тіркелген, 2017 жылғы 7 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Достық ауылдық

округінің әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ақсу қаласының

ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

2019 жылғы "5" сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің

ветеринариялық бақылау және қадағалау

комитетінің Ақсу қалалық

Р. Жаксылықов

Д. Нуржанов

аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
2019 жылғы "5" сәуір
"КЕЛІСІЛДІ"
"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті
Павлодар облысы Қоғамдық
денсаулық сақтау департаментінің
Ақсу қалалық қоғамдық
денсаулық сақтау басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы
2019 жылғы "8" сәуір

Г. Батаев

А. Жалелов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК